

Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 19 "Карантин белгілеу туралы" шешімнің күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 27 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 желтоқсанда № 4537 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 11-10/255 ұсынысы негізінде Жангелдин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 19 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4498 болып тіркелген, 2019 жылы 10 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылсын деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин ауылдық округінің әкімі

А. Оразов